| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады | Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды | Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады | Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды. | Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру | Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ.<br>1.Бірім, екім,<br>Алма текім. | Суретті жұмбақтар ойыны :<br>Балалардың арасынан бір бастаушы | Саусақ ойыны :<br>«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» | Үстел үсті театр ойыны :<br>«Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру. | Сапар айым,<br>Сар шымшық.<br>Балтаңды ал да,<br>Жүгіріп шық.<br>2.Біз санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балан үйрек жалғасы. | таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.<br>Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. | Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу. | қарастыру.<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Психомоторлық жаттығу»<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, | «Психомоторлық жаттығу»<br>«Күлімдеген күн»<br>Күн күлімдеп нұр төкті,<br>Жақсы сөздер нұр септі,<br>Еске сақтап кеңесті,<br>Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге.. | «Психомоторлық жаттығу»<br>«Табиғатпен үндестік»<br>Шеңбер бойлап жүреміз,<br>Әр гүлге көңіл бөлеміз.<br>Сұлулық пеп махаббатты | «Психомоторлық жаттығу»<br>*«Біз әдепті баламыз»*<br>Әдеп сақтап әманда,<br>Әрбір адал адамға.<br>Жасасаң бір қамқорлық,<br>Қайтарады саған да. | «Психомоторлық жаттығу»<br>Көңілденіп күленіп,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Бәрін біліп алатын,<br>Мен ақылды баламын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір - біріңе<br>жымиыңдар,<br>Бастарыңды<br>оңға, солға<br>бұрылыңдар,<br>Ауаны<br>жұтыңдар,<br>содан соң<br>жіберіңдер. | | Сезініп өмір<br>сүреміз. | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Ұяң дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсаты** ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br><br>**«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы**<br>– Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке.<br>«Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:** , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру<br><br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырықық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Үнді дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсаты:**- үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br><br>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік | **.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Шаштараз (өлең)<br>**Міндеті:** Өлеңді жаттауға, сөзден сөйлем құрауға үйрету<br>**Мақсаты:** Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>Педагог балаларға түбірлес сөздер туралы мағлұмат береді.<br>Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша, | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Үнді дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсаты:**- үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br><br>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек.<br>Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ...(домбыра), желбірейді ...(жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б | | ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) | ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз.<br>Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер.<br>Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер.<br>Жұмбақтар шешу:<br>1.Ертемен күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең,<br>Кетіп кір, ласың,<br>Тап-таза боласың.<br>Бұл не?<br>**Сергіту сәті:**<br>Қанатымды жазамын,<br>Жоғары-төмен қағамын.<br>Биік көкке айналып,<br>Жұлдыздай жылдам ағамын.<br>Демонстрациялық материал.<br>Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің | (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар.<br>**Шаштараз**<br>Ұжымшарға жаңадан,<br>Келген еді шаштараз.<br>Өзі сондай таза адам,<br>Өсіп кеткен шашқа араз.<br><br>Кім бөлмесе көңілін,<br>Өсті екен деп баста шаш.<br>Салақ болса кімде-кім,<br>Соны ұнатпас шаштараз.<br><br>Ал ұқыпты баланы<br>Өте жақсы көреді.<br>Шашын сәндеп алады,<br>Жұпар сеуіп береді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Сөздік жұмыс:**<br>Араз – қарсы мағынасында;<br>Жұпар – әтір, иіс судың исі.<br>Әлеңді суретке қарап, қайталату арқылы жаттату, өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Дәптердегі тапсырманы орындау | |
| | | | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**:<br>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>**Мақсаты**<br>геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру<br><br>Бұл не?<br>(Шаршы.) | **Қоршаған орта**<br>Тақырыбы:<br>**Мақсаты:** -«Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу.Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру<br><br>Ел тынысын тереңінен танып кең,<br>Шарапаты бар адамға дарып тең.<br>Елбасының есімі бұл тарихта Қалар<br>анық өшпес алтын әріппен.<br>-Өлең сөздерін қалай түсінесіңдер? | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**<br>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>**Мақсаты:** :<br>геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .<br>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген | Менің отбасым<br>**Міндеті:** Сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеуін дамыту<br>**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>А-а – аға.<br>Мынау кім? Мынау – аға.<br>Ә-ә – әпке.<br>Мынау кім? Мынау – әпке. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>**Мақсаты:** :<br>геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .<br>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны<br>Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) – Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? | | затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды | Мынау кім? Мынау – іні.<br>Мынау кім? Сіңлі, сің-лі.<br>Қа-рын-дас.<br>Мынау кім? Мынау– қарындас<br>Педагог балаларды **менің** есімдігімен таныстырады.Өзі айтады:<br>Менің қарындасым.<br>Менің сіңлім.<br>Қарындасың бар ма?<br>Сіңлің бар ма?<br>Менің сіңлім/қарындасым бар.<br>Сенің ағаң бар ма?<br>Менің ағам бар.<br>Сенің әпкең бар ма?<br>Менің әпкем бар.<br>Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ә-ә-ә – әже<br>Ә-ә-ә – әке<br>І-і-і- ің-ің – сің-лі.<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз, | балалар шешуін тауып, затты атайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Шаршы.) – Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш.<br>– Онын жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді.<br>– Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық | | | Басбармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – анам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br><br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**<br>Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді?<br>Өз отбасың туралы әңгіме құра.<br>**Мақал-мәтілдер**<br>1.Отан отбасынан<br>басталады<br>2.Баланың бас ұстазы –<br>ата-ана.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Мақал-мәтілдердің мазмұнын түсіндіреді.<br>Балалар қайталайды. | |

<table>
<tr><td colspan="6">Үзіліс:  Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">3  - ұйымдастырылған  іс-әрекет</td></tr>
<tr>
<td></td>
<td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Әкесі мен балалары<br>Міндеті: Сурет  бойынша әңгімелеу<br>Мақсаты: сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу.<br>Дәптермен жұмыс:<br>1-тапсырма<br>Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя.<br>Сергіту сәті:<br>Алақанды соғайық,<br>(Алақандарын шапалақтау)<br>Күннің нұрын салайық.<br>(Қолдарымен Күнді салу)<br>Таза ауаны жұтайық,<br>(Мұрнымен тыныс алады)<br>Жиналған жылы шуақты<br>(Екі алақанды алға созу)</td>
<td>Қазақ тілі<br>Тақырыбы: Апта күндері<br><br>Мақсаты  өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту<br>.<br>Ойын ойнауға шақырады.<br>«Қызық екен» ойыны<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды</td>
<td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:<br>Сәруар<br>Мақсаты  таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру.<br><br>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң жасырынып</td>
<td>Қазақ тілі<br>Менің отбасым<br>Міндеті: Сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеуін дамыту<br>Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>А-а – аға.<br>Мынау кім?   Мынау – аға.<br>Ә-ә – әпке.<br>Мынау кім?  Мынау – әпке.<br>Мынау кім?  Мынау – іні.<br>Мынау кім? Сіңлі,</td>
<td>Шығармашылық бейнелеу әрекеті<br>Құрастыру<br>Тақырыбы: Көңілді автобус<br>Мақсаты:- балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;<br>- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру,мүсіндету<br>-- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу<br>- ауызша сипаттау</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір-бірімізге сыйлайық.<br>(Бір-біріне үрлеу)<br>**2-тапсырма**<br>Мақалды жаттап ал.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br>Мақалдың мағынасын педагог «Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та болады», – деп түсіндіреді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>Бүгінгі әңгіме сендерге ұнады ма?<br>Әкеге қандай құрмет көрсету керек?<br>Әңгіме бізге нені үйретті?<br>Тәрбиеленушілерге ҰОҚ-дегі өзінің жұмысына баға беруді ұсынады.<br>Егер тапсырмалар ұнаса, қызықты болса, қоржынды жасыл түске боя.<br>Егер тапсырмалар қызықты болмаса, ұнамаса, қоржынды қызыл түске боя. | бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді.<br>Әрбір жауап бір ұпай.<br>**Тапсырма**. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?<br>Күз айларын ата?<br>Күз туралы тақпақ оқы?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>**Көкөністер.**<br>Қандай көгөністерді білесің?<br>Артығын тап?<br>(Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.*<br>Сурет бойынша сөйлем құра. | тұрғанын тап.<br>Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді | сің-лі.<br>Қа-рын-дас.<br>Мынау кім?<br>Мынау–қарындас<br>Педагог балаларды **менің** есімдігімен таныстырады.Өзі айтады:<br>Менің қарындасым.<br>Менің сіңлім.<br>Қарындасың бар ма?<br>Сіңлің бар ма?<br>Менің сіңлім/қарындасым бар.<br>Сенің  ағаң бар ма?<br>Менің ағам бар.<br>Сенің әпкең бар ма?<br>Менің әпкем бар.<br>Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ә-ә-ә – әже<br>Ә-ә-ә – әке<br>І-і-і- ің-ің – сің-лі.<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз, | бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br><br>**Топтық жқмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Басбармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – анам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br><br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**<br>Суретті сипатта.<br>Отбасы мүшелері не істейді?<br>Өз отбасың туралы әңгіме құра.<br>**Мақал-мәтілдер**<br>1.Отан отбасынан<br><br>басталады<br><br>2.Баланың бас ұстазы<br><br>– ата-ана.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Мақал-мәтілдердің мазмұнын түсіндіреді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалар қайталайды. | |
| | | | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>«Бірінші бол!»<br>**Мақсаты -** Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту<br>Қимыл-қозғалыс | **Музыка**<br>**Тақырыбы** Сабантойды тойлаймыз»<br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>«Командалық эстафеталар» (таза ауада)<br>**Мақсаты:** Тізбекпен жүру**,** жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру<br>**«Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).**<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір- | **Музыка**<br>**Тақырыбы**<br>. Елтаңбасы елімнің.Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>«Командалық эстафеталар» (таза ауада)<br>**Мақсаты:** Тізбекпен жүру**,** жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру<br>**«Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).**<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыны: «Тығылмақ» ( 3 рет). Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді. | | бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «** Таза алаң » .<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. « Күшік » .<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » .<br>**Мақсаты:** Топ болып | **Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек** :<br>Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>**Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** « Аю жүрген орманда » .<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Қимылдық ойын :** « Монданақ » . | **Бақылау:** Алтын күзді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуандырып біздерді,<br>Мерекелі күз келді<br>Кел жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз.<br>Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » .<br>Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>**Еңбек** : « Таза алаң »<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері »**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** « | **Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>« Қыстың қамын жаз ойла » .<br>**Еңбек** : Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.**<br>**Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын: « Итеріспек »**<br>**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**Қимылдық ойын:** « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ »<br>Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.<br>**Еңбек** : Гүл шоғы.<br>**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам »<br>**Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.<br>Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам »<br>Сақта көше тәртібін<br>Бағдаршамның ал « тілін »<br>Біліпт алдым мен де:<br>Жасыл жанса, демде<br>Алға кетем лезде.<br>Сары жанса , сабыр<br>Сақтай тұрам әзір. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** « Тымпи-тымпи » .<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның | **Ойын барысы:**<br>Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Өткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>**Тренинг:** « Бір шаңырақ астында » . | Көрші » .<br>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.<br>Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап | аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. | Жанса қызыл шоқтай,<br>Қаламын кілт тоқтай.<br>**Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »**<br>**Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы:<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырт пішіні жуас салғырт<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң-қарайық та.<br>Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау **.**<br>**Тренинг:** « Біз біргеміз » . | | тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.<br>**Дербес ойындар.**<br>**Тренинг:** « Біз татумыз » | | тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>**1.Төбешіктен-төбешікке секір.**<br>**2.Күн мен түн**<br>**Тренинг:** « Күн шуағы **»** . |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** № 2 жалпы орта мектебі

**Мектепалды даярлық** сыныбы О «А»

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта** 23 - 27 қазан 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?»<br>Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады | Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?»<br>Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды | Құрылымдалған ойын: «Орнын тап»<br>Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады | Еркін ойын: «Бауын байла»<br>Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды. | Еркін ойын: «Ертегілер елінде»<br>Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**:<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу** | Үстел үсті ойыны – пазл:<br>«Әсем гүлдер бағы »<br>Балалармен әсем гүлдер туралы | Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру:<br>«Гүлдер,гүлдер көп гүлдер»<br>Фотосуретте | Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті | Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу.<br>Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | әңгімелесу. | | бейнеленген ойын түрлерін атау. | картиналар қарастыру. | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 4 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор боп»<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық,<br>Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...»<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:** , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру<br><br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырықық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз<br>**Мақсаты:** : буын туралы түсініктерін қалыптастыру<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Буынға бөлейік<br>**Мақсаты** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр<br><br>**«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы**<br>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз<br>**Мақсаты** буындардан сөз құрауға үйрету.<br><br>**«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те - | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы.** «Алтын астық»<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.<br><br>**Жұмбақты шеш.**<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар.<br>(Бидай)<br>. Не артық? Белгіле.<br>Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды. | білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады | (тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны** – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Менің елімнің сал дәстүрлері<br><br>«**Үй сыртында қолағаш» ойыны.**<br>Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп,<br>былай дейді:<br>«Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп,<br>былай дейді:<br><br>. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Дөңгелек және сопақша<br>**Мақсаты** : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Топпен жұмыс**<br>Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Шар, текше, цилиндр<br>**Мақсаты:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»**<br>Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стаканға) - Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына). Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Шар, текше, цилиндр<br>**Мақсаты** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**«Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.** Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы** Жыл құстары<br>**Мақсаты** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту<br><br>**«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын** ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі. Ойын бастаушы: «Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді. | өрнектер жасайды. | атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қаже | қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды | өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі |
| | | | | | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы** Ойнайық та ойлайық<br>**Мақсаты** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту<br><br>Суретте қай жыл мезгілі | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>Неше? Санау<br>**Мақсаты** сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру<br>. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты** ,<br>Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Алтын астық»<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Тақырыбы:**<br>Сазбалшықтан жасалған табақ<br>**Мақсаты:**- - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнеленген?<br>Күз мезгілінің суретін аяқтап сал.<br>Күздің белгілеріната. | **Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».**<br>Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.2  3  4  1  5 7 6 10 8 9<br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10<br>10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».**<br>Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). | Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?<br>Не жайлы айтылған?<br>Ақын жапырақтарды неге теңеген?<br>Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.<br>Күз мезгілі қандай?<br>Күз мезгілінде айнала сары болады.<br>Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі.<br>Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары<br>Керемет көрініс | Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Өлең шумақтарында не жайында айтылған?<br>– Өлеңді кім жазған?<br>– Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің?<br>– Астыққа не жатады?<br>– Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің? | --табақты мүсіндеу<br>--геометриялық пішіндерден табақ қию<br>-- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.<br><br>**Топтық жұмыстар** |
| | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Біздің стадион»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br><br>**Аяқты уқалау**<br>(Б.қ. – малдас құрып отыру).<br>Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды | **Музыка**<br>**Тақырыбы**<br>«Сабантойды тойлаймыз»<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Менің отбасым»**<br>**Мақсаты** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).**<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді.<br>Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Менің үйім»**<br>**Мақсаты -** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br><br>**Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»**<br>«Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар).<br>Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер).<br>Мынау – хош иісті | **Музыка**<br>**Тақырыбы**<br>«Сабантойды тойлаймыз»<br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды | | | гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады). Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)». | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Тұманды бақылау.<br>**Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаштардың түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.**<br>Таза болса- табиғат,<br>Аман болар – адамзат **.**<br>**Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.<br>**Ойын: « Біз кішкене отбасы »**<br>**Мақсаты:** Үлкенді | **Бақылау:** Шықты бақылау.<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.<br>**Еңбек** : Ағаш бұтақтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.**<br>Отан – менің ата-анам,<br>Отан-досым , бауырым.<br>Отан-өлкем, астанам,<br>Отан-туған ауылым.<br>**Мақсаты:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Патриоттық | **Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс:** « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » .<br>**Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы | **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек** : Біздің ойын алаңы<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..<br>**Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » . | **Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау .<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.<br>**Еңбек** : Біздің аула<br>**Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Жеке жұмыс** : Жұмбақ:<br>Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,<br>Аспанға әшекейлеп<br>Кесте тіктім.<br>(Кемпірқосақ)<br>**Мақсаты** : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.<br>**Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » .**<br>**Мақсаты:** Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын: « Шымшық доп »**<br>**Ойын барысы** : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу ұшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.<br>**Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**<br>**1.Жарысу.** | сезімдерін арттыру.<br>**Ойын:** « Қояндар секіреді » .<br>**Мақсаты:** Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** « Қаздар мен бақташы » .<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.<br>Бақташы: Қаздар, қаздар!?<br>Қаздар: га,га,га<br>Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?<br>Қаздар: иә, иә, иә.<br>Бақташы: Ендеше ұшыңдар.<br>Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар<br>Жібермейді ол жолда<br>Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! | баратындығын түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын** : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »**<br>**Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.<br>**Тренинг:** « Қолшатыр » . | **Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »**<br>**Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.<br>**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**<br>Қуаласпақ. | ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** . « Қимақ » .<br>**Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » ,-дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды.<br>**Дербес ойындар:**<br>**1.Әткеншек тебу.**<br>**2.Ирек жолмен жүру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Төбешікке секіру.** | Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.<br>Еркін ойындар.<br>**Тренинг:** « Қаздар болып ұшайық » . | | Тығылыспақ.<br>**Тренинг: « Киіз үй » .** | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**
**Балалардың жасы:** 5-6 жас

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.10.23ж | Сейсенбі 17.10.23 | Сәрсенбі 18.10.23 | Бейсенбі 19.10.23 | Жұма 20.10.23 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңертең балалардың көңіл -күйін, дене қызуын бақылап қабылдау | Таңертең балалардың көңіл -күйін, дене қызуын бақылап қабылдау | Таңертең балалардың көңіл -күйін, дене қызуын бақылап қабылдау | Таңертең балалардың көңіл -күйін, дене қызуын бақылап қабылдау | Таңертең балалардың көңіл -күйін, дене қызуын бақылап қабылдау |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қимылды ойын:<br>«Даусынан таны» | Қимылды ойын:<br>«Мысық пен тышқан» | | Қимылды ойын:<br>«Кім жылдам» | Еркін ойын |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Әкетайым әкешім<br>Жақсы көремін мен сізді<br>Құрметтеп мәңгі өтемін<br>Мәпелеген өзімді. | Бір саусағым тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орайды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ,<br>Қала салсақ, жол салсақ. | Бойды сергек тік ұста,<br>Емін-еркін тыныста.<br>Оң қолыңды соз алға,<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада,<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап тынбасын. | Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Киіз үйді құрайық. | 1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**Міндеті:** 10 цифрымен таныстыру 10 санының құрамы туралы білімін қалыптастыру<br>**Мақсаты:** 10 | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Апта күндері<br>**Міндеті:** Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету<br>**Мақсаты:** педагогті тыңдау арқылы есте сақтау | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**Міндеті:** 10 цифрымен таныстыру 10 санының құрамы туралы білімін қалыптастыру<br>**Мақсаты:** 10 | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Менің отбасым<br>**Міндеті:** Сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеуін дамыту<br>**Мақсаты:** сөздік | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**Міндеті:** 10 цифрымен таныстыру 10 санының құрамы туралы білімін қалыптастыру<br>**Мақсаты:** 10 сандарының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.<br>Сабағымызға тағы бір спортшы келді. – Оған қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифра қажет: 1 және 0. - Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. – Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл» «0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің. Үйлеспесе айналмас, 0-сіз 1-ің 10 болмас. Педагог бірліктің жанына нөлді қойып, сұрақ қояды: – Мына санды жазу үшін неше цифрды пайдаландық? (2 цифрды). Педагог 10 цифрды көрсетеді<br>**1-тапсырма** | мен зейінін жетілдіру.<br>«Апта күндері». Педагог балаларға постерден апта күндерін көрсетіп, бірге жаттауды ұсынады.<br>Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.<br>Балалар қайталайды, жеке және хормен.<br>Тақпақ «Апта күндері».<br>Педагог оқиды.<br>Апта деген атайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар.<br>Біріншісі – дүйсенбі,<br>Екіншісі – сейсенбі,<br>Үшіншісі – сәрсенбі,<br>Төртіншісі – бейсенбі,<br>Бесіншісі – жұма,<br>Алтыншысы – сенбі,<br>Жетіншісі – жексенбі.<br>Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады.<br>Аптада неше күн?<br>Бүгін аптаның қай күні?<br>Аптаның бірінші күні?<br>Екінші күні? т.б.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі<br>Ә-ә-ә- сәәр-сенбі<br>Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма<br>**Сергіту сәті**<br>Таңертең тұрамын,<br>Қолымды жуамын. | сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.<br>**1-тапсырма**<br>Цифрлардың үстінен саусағымен жүргізеді. Ермексаздан жасайды. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы қарауға болады. Топтағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады. 10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады.<br>**Сергіту сәті**<br>Иығыңды көтер,<br>Шегірткедей секір.<br>Түрлі түсті етікпен<br>10 рет секір екі аяқпен.<br>Ал енді оң аяқпен<br>Соқпақ жолмен,<br>Одан кейін сол аяқпен<br>Соқпақ жолмен.<br>Иықтарын көтереді.<br>Екі аяқпен 10 рет секіру.<br>Оң аяқпен 10 рет секіру.<br>Сол аяқпен 10 рет секіру.<br>**2-тапсырма**<br>Ойыншыларды реті | қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>А-а – аға.<br>Мынау кім? Мынау – аға.<br>Ә-ә – әпке.<br>Мынау кім? Мынау – әпке.<br>Мынау кім? Мынау – іні.<br>Мынау кім? Сіңлі, сің-лі.<br>Қа-рын-дас.<br>Мынау кім? Мынау– қарындас<br>Педагог балаларды **менің** есімдігімен таныстырады.<br>Өзі айтады:<br>Менің қарындасым.<br>Менің сіңлім.<br>Қарындасың бар ма?<br>Сіңлің бар ма?<br>Менің сіңлім/қарындасым бар.<br>Сенің ағаң бар ма?<br>Менің ағам бар.<br>Сенің әпкең бар ма?<br>Менің әпкем бар.<br>Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ә-ә-ә – әже | құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.<br>Балалар цифрдың бейнесін қарап бояйды, содан кейін цифрларды бастырып сызады. Ауада 0 цифрын «жазамыз»: сопақша жасаймыз. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады.<br>Жеке жұмыс жүргізеді<br>Ойын жаттығуы: «Сана»<br>Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды.<br>Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Иығыңды көтер,<br>Шегірткедей секір.<br>Түрлі түсті етікпен<br>10 рет секір екі аяқпен. Ал енді оң аяқпен<br>Соқпақ жолмен,<br>Одан кейін сол аяқпен<br>Соқпақ жолмен. Иықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суретті қарайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Неше бала шеңберге тұрды?<br>Неше бала орындықта отыр?<br>Шеңберде 10 бала тұр, орындықта ешкім жоқ.<br>Педагог балалардың жейделеріндегі сандарды атауды сұрайды. Осыған ұқсас жұмысты топта ұйымдастыруға болады, ол үшін карточкада көрсетілген сандар реті бойынша балаларды қатарға тұрғызады.<br>**Сергіту сәті**<br>Иығыңды көтер,<br>Шегірткедей секір.<br>Түрлі түсті етікпен<br>10 рет секір екі аяқпен.<br>Ал енді оң аяқпен<br>Соқпақ жолмен,<br>Одан кейін сол аяқпен<br>Соқпақ жолмен.<br>Иықтарын көтереді.<br>Екі аяқпен 10 рет секіру.<br>Оң аяқпен 10 рет секіру.<br>Сол аяқпен 10 рет секіру.<br>**Ойын жаттығуы**<br>«Дұрыс көрсет». Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен | Тісімді тазалап,<br>Бетімді жуамын.<br>Шашымды тараймын,<br>Киімімді киемін,<br>Мектепке барамын.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**<br>1. Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет.<br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбіде сурет салды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмада жидек терді.<br>Сенбіде кино көрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br>Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді.<br>Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі,жұма, сенбі, жексенбі.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>**2.Музыка** | бойынша сызып қосады.<br>Кейін педагог доптарға көңіл бөлуді сұрайды.<br>Қай доп артық, неге?<br>Мақсатына қарай теннис добы «артық» болуы мүмкін. Түсі бойынша – ақ футбол добы.<br><br>**2.Сауат ашу негіздер**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі<br>**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>**Мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дауысты дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?<br>Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?<br>Үнді дауыссыз дыбыстар | Ә-ә-ә – әке<br>І-і-і- ің-ің – сің-лі.<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз,<br>Басбармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – анам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br><br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**<br>Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді?<br>Өз отбасың туралы әңгіме құра.<br>**Мақал-мәтілдер**<br>1.Отан отбасынан<br><br>басталады<br><br>2.Баланың бас ұстазы –<br><br>ата-ана.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Мақал-мәтілдердің мазмұнын | көтереді.<br>Екі аяқпен 10 рет секіру.<br>Оң аяқпен 10 рет секіру.<br>Сол аяқпен 10 рет секіру.<br>**1-тапсырма**<br>Вагондарды тура және кері санайды, нөмірлерін жапсырады. Балалар дауыстап санайды, нөмірлерін жапсырады.<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Буын<br>**Міндеті:** Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>**Мақсаты:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дауысты дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?<br>Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?<br>Үнді дауыссыз дыбыстар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс жасайды. Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**Дыбысты талдау<br>**Міндеті:** Сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету<br>**Мақсаты:** дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Қанадай-қандай болып?<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?<br>Олар қалай жасалады?<br>Дауыссыз дыбыстарға ауыз қуысында нелер кедергі жасайды?<br>Ұяң дауыссыз дыбыстарды ата?<br>Үнді дауыссыз дыбыстарды ата?<br>Балалар біз өткен оқу | **Тақырыбы:** Күзгі жаңбыр<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру.<br>**Мақсаты:** Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Көңілді балалар» литва халық әуені Балалар музыканы тыңдайды, көңілді ырғақпен тізені жоғары көтеріп секіреді, серіппе жасайды, шапалақтайды, аяқ топылдатады.<br>**Музыка тыңдау**: «Жаңбыр шақыру» Әуендегі жаңбыр дауысын, тамшылардың дыбысын балаларға сезіндіру.<br>Күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттерін көрсету. Күз ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Жауын жауған кезде тағы қандай құбылыстардың болатынын сұрап, | ше?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>**«Сағат»** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>**«Саңырауқұлақ»** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>**«Алтыбақан»** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суреттердегі заттарды –<br>**1-тапсырма**<br>ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін  , дауыссыз дыбастан басталатын заттың суретін   сал.<br>**2-тапсырма**<br>Құстардың атын дыбыстық сызбаға қарай сәйкестендір. Сызықпен қос.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды | түсіндіреді.<br>Балалар қайталайды.<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы:** Сабантойды тойлаймыз<br>**Міндеті:** Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату.<br>Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Марш»<br>Шығарманың 1-бөлімінде балалар зал ішінде шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып,<br>жай жүреді. Әуеннің 2-бөлімі орындалғанда зал ішінде біреуден жеңіл секіре басыпшашырап жүреді. Әуен рет 2-3 рет қайталанады.<br>Балалармен сабантой туралы әңгіме өткізіп, ол мерекенің қандай кезде болатынын, неүшін | ше?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>**«Сағат»** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>**«Саңырауқұлақ»** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>**«Алтыбақан»** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>Педагог балаларға «бағ-дар-шам» сөзін буынға бөлдіреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді.<br>Буынға тән негізгі белгілері:<br>Дауыссыз дыбыс буын болмайды.<br>Дауысты дыбыстың өзі де буын бола алады (а-та, а-па)<br>3) Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады.<br>4) Сөздің құрамында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметімізде дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып, бөлінетінін білдік. Сол дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасайық.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>**«Сағат»** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>**«Саңырауқұлақ»** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>**«Алтыбақан»** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br><br>**«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны**<br>Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз | жауаптарын толықтыру. (Найзағай жарқылдап, күн күркірейді).<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Ән айту:** «Жау, жау, жаңбыр»<br>Педагог өлең жолдарын оқиды.<br>Күркіреді күн, күн,<br>Терезелер шың, шың,<br>Жауды жаңбыр төк-төк,<br>Шелек-шелек көп, көп.<br>Жон арқанды тос, тос,<br>Күнбағыс, тез өс, өс.<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әуеннің сипатын, екпінін, көңіл күйін ажырату.<br>Балалардан жаңбырдың қандай пайдасыбар екенін сұрау. Әнді көңілді, жеңіл айтуға жетелеу.<br>Үйренген «Күзгі әуен» әнін еске түсіру, сөздерін анық айтуға,ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен үнтаспада). Қолшатырдың | талқылайды.<br>Дыбыстарды анықтайды, сандықтармен қосады.<br>Екінші тапсырмада сөздердегі дыбыс санын анықтап, тиісті сызбамен сәйкестендіреді. Мысалы, қарға сөзінде 5 дыбыс бар, қарғаның суретін 5 дыбысты сызбамен қосады.<br>**Сергіту сәті**<br>Қарлығаш болып ұшайық,<br>Торғай болып қонайық.<br>Сауысқан боп секіріп,<br>Тақылдақ боп шоқиық.<br>Кәне, қанат жазайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)** 3. Тыңда, орында.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы | тойланатыны туралы мәлімет беру.<br>Суреттерден әңгіме құрастыру, балалардың тіл байлығын жетілдіру.<br>**Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі.<br>Күйді тыңдай отырып алған әсерлерін ортаға салу, күйдің мағынасын түсіндіру, туралы мәлімет беру, портретін көрсету.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Ән айту:** «Сабантой»<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір-бірін тыңдай отырып, айғайламай, дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспенайтуға үйрету.<br>Үйренген ән «Жау, жау, жаңбыр» еске түсіру, сөздерін анық айтуға,ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен үнтаспада).Би | қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Буынды қол шапалақтау арқылы көрсетуге үйрету. Балалар, мен сендерге бір, екі, үш буынды сөздерді айтамын, сендер менімен бірге шапалақтау арқылы буынға бөліп, қайталап отырыңдар.<br>**Бір буынды сөздер:** ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б.<br>**Екі буынды сөздер:** ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б.<br>**Үш буынды сөздер**: а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»**<br>**Шарты:**әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды.<br>Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу.<br>Мысалы: ыдыстар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.<br><br>**«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар.<br>Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо.<br><br>«**Белгі бер» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Педагог балаларға ұяң (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап | көмегімен балалар жаңбырдан қалай қорғанатынын би қимылдарыарқылы көрсетуге тырысады.<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Міндеті:** Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру<br>**Мақсаты:** Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру.<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын.<br>Жұмбақ<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса – жасыл,<br>Түссе – сары.<br>Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасаңдар, | екенін түсіндіреді.Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз.<br>Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу.<br>Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>мен ұстайды (көрсету).<br>Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді.<br>Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).<br>Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әкесі мен балалары<br>**Міндеті:** Сурет бойынша | элементтерін мәнерлеп орындауға үйрету.<br>Еске сақтауға, ырғақты сезіне орындауға қалыптастыру. **Ойындар, хороводтар:** «Теңге алу**» –** қазақтың ұлттық ойыны.<br>(Күй «Адай» Құрманғазы, үнтаспадан).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балаларды ептілікке, батырлыққа, табандылыққа баулу.Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Міндеті:** Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру<br>**Мақсаты:** Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>1.Диқан жерін мақтайды,<br>Балықшы көлін мақтайды,<br>Кәсіпкер кенін мақтайды.<br>2.Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім. | жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).<br>Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>Суреттерге қара.<br>Жануарлардың атын буынға бөл.<br>**2-тапсырма**<br>Бір буынды зат атауларын белгіле.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды.<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Кірпі орманды<br>Аралайды кезеді.<br>Қара тұмсық мұрыны<br>Иісті жақсы сезеді.<br>Тікенекті инесімен<br>Жемістерді тереді.<br>Жинап алып азығын,<br>Әне, кірпі келеді.<br>**Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)**<br>**4-тапсырма** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа ұяң в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады.<br>**Билингвалды компонент:** дыбыс – звук.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дабысын ата. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл, дауысты дыбыстан басталса, көк түспен боя.<br>**2-тапсырма**<br>Суреттерді ата. Үнді дауыссыз дыбыстардан басталған суретті көк қоржынға, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталған жасыл қоржынға сал. Сызықпен қос.<br>**3-тапсырма**<br>Суреттерге қара. Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттың суретін қорша. | жапырақтардың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болыпкөрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді.<br>«Күзгі жапырақтар».<br>Өлең шумағын зейін салып тыңдасаңдар, күзгі бақтың қандай керемет екенін сезінесіңдер.<br>**Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,Көз тартады атырап.<br><br>Күншуаққа маужырап,<br>Жатыр еді атырап.<br>Ағаштардан жамырап,<br>Ұшты кенет жапырақ. Ой, алақай, тамаша, Шашу шашты жапырақ.Бақтың іші алаша, Аунар ма еді жатып ап.<br>Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?<br>Не жайлы айтылған?<br>Ақын жапырақтарды неге теңеген?<br>Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, | әңгімелеу<br>**Мақсаты:** сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>**1-тапсырма**<br>Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя.<br>**Сергіту сәті:**<br>Алақанды соғайық,<br>(Алақандарын шапалақтау)<br>Күннің нұрын салайық.<br>(Қолдарымен Күнді салу)<br>Таза ауаны жұтайық,<br>(Мұрнымен тыныс алады)<br>Жиналған жылы шуақты<br>(Екі алақанды алға созу)<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>(Бір-біріне үрлеу)<br>**2-тапсырма**<br>. Мақалды жаттап ал.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br>Мақалдың мағынасын педагог «Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та болады», – деп түсіндіреді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>Бүгінгі әңгіме сендерге | 3.Не ексең соны орарсың.<br>4.Қырман басы – береке,<br>Көп жүрген жер – мереке.<br>Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егінбітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оңға қарай түзу тұр,<br>Солға қарай түзу тұр.<br>Алға қарай бір қадам,<br>Артқа қарай бір қадам.<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Дидактикалық о*йын:*<br>**«Қай ағаштың жапырағы?»**<br>Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Ағаштарды атап айтады.<br>Әрқайсысының жапырақтарын жандарына жапсырады.<br>Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. | Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз.<br>Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады.<br>Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді.<br>Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз бір дем алайық.<br>**Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)**<br>**4-тапсырма**<br>Суретті бастыр.<br>Педагог қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілдіміз<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әкесі мен балалары<br>**Міндеті:** Сурет бойынша әңгімелеу<br>**Мақсаты:** сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу.<br>Суреттен кімді көріп тұрсыңдар?<br>Әкесі мен балаларына ат қояйық.<br>Үйде сендерді қандай | алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.<br>Күз мезгілі қандай?<br>Күз мезгілінде айнала сары болады.<br>Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі.<br>Жер бетін жапырақ жапқан.<br>Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары. Керемет көрініс.<br>Педагог сөздік жұмысын жүргізеді.<br>Алаша, жамырап деген сөздердің мағынасын түсіндіреді.<br>Алаша – төсеніш, жамырап түсу – жапырақтардың көп түсуі.<br>Сендерге өлең ұнады ма ?<br>Ендеше мен қайталап оқимын, сендер естеріңе сақтап алуға тырысыңдар.<br>Педагог өлеңді қайталап, мәнерлеп оқып береді.<br>Балаларға өлең жолдарын бірнеше рет қайталату | ұнады ма?<br>Әкеге қандай құрмет көрсету керек?<br>Әңгіме бізге нені үйретті?<br>Тәрбиеленушілерге ҰОҚ-дегі өзінің жұмысына баға беруді ұсынады.<br>Егер тапсырмалар ұнаса, қызықты болса, қоржынды жасыл түске боя.<br>Егер тапсырмалар қызықты болмаса, ұнамаса, қоржынды қызыл түске боя.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Акробат болғым келеді<br>**Міндеті:** Әртүрліжүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру<br>**Мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>Тізбекке бір-бірден | **4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Барлық мамандық қажет әрі маңызды<br>**Міндеті:** Барлық мамандық қажет әрі маңызды екенін түсіндіру<br>**Мақсаты:** мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**Жұмбақ**<br>Қолдағы жұмыс жарағы:<br>Қайшы мен тарағы.<br><br>(Шаштараз)<br>Ертеден-ерте тұрады<br>Қолына рульді алады.<br>Олай-былай айналдырар,<br>Жолға қарап отырар.<br>(Жүргізуші)<br>Айтовтың «Еңбектің бәрі мамандық» өлеңін оқиды.<br>Мамандық алғың келе ме?<br>Мамандық өзі немене?<br>Айналаң толған мамандық,<br>Айналаң толған өнеге.<br>Тыңдайық, кәне, ойлайық,<br>Білімге терең бойлайық.<br>Оқыған маман – шын маман, Мамандық алмай | Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.<br><br>**3.Шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Көңілді автобус (құрастыру)<br>**Міндеті:** Қатырғы қағазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету; - автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.<br>**Мақсаты:** қағазды ортасынан қос бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеу тәсілі арқылы автобус жасай білуге үйрету, қиып жапсыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға автобустың түрлі суреттерін көрсетеді. Үлгі бойынша талдау жасайды:<br>– қатты қағазды қалай пайдалануға бағыт береді, орындалу ретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақсы сөздермен еркелетеді?<br>Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой.<br>Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды.<br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды (қосымшаны қараңыз).<br>**Сөздік жұмыс:**<br>сыпыртқы –үй сыпыратын зат шыбық – сыпыртқының жеке талы<br>**Билингвальді компонент:** әке – отец; балалары – дети; сыпыртқы – веник.<br>**Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:**<br>Әңгіменің авторы кім?<br>Әкесі балаларына қандай ақыл айтты?<br>Балалары әкесінің ақылын тыңдады ма?<br>Сыпыртқы неге сынбады?<br>Жеке-жеке сындырғанда, | арқылы өлеңнің бірінші шумағынжаттатады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оңға қарай түзу тұр, Солға қарай түзу тұр. Алға қарай бір қадам, Артқа қарай бір қадам. Жоғары төмен қарайық,Орнымызды табайық.<br>Педагог балалардан өлең шумағын сұрайды.<br>Балалар, бүгін дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктермен танысамыз.<br>Қазір есікті қағайық.<br>Не естідіңдер?<br>–Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады).<br>Ненің дыбысын естідіңдер?<br>Дыбыстар бірдей болып шықты ма?<br>Дыбыстар әртүрлі болады.<br>Кейбір дыбыстар созылып әндетіп айтылады.<br>Кейбіреуі кедергіге ұшырап қысылып айтылады.<br>Мысалы,«А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандайкедергісіз ұзақ | тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады.<br>Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді. Дене бітімдерін, бастарын түзу ұстайды.<br>Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру.<br>Жұппен ЖДЖ «Жұп фигура» ойын-жаттығуы. Педагогтің нұсқауларын дұрыс жәнежұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарынашқан күйде қағып алуға үйрету. Екі тізбекке сапқа тұрады (арақашықтығы – 2,5 метр).<br>**Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар».**<br>Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» | қоймайық. Өлең не туралы?<br>Мамандық туралы.<br>Бұл өлеңнен қандай қорытынды шығаруға болады?<br>Мамандық алу үшін оқу керек.<br>**Сергіту сәті**<br>Таңғажайып сәттер бар,<br>Күн шығады, таң атады.<br>Кіп-кішкентай балалар<br>Алыптарға айналар.<br>Балалар өлең мазмұнына қарай педагогтің көрсеткен қимылын қайталайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>Кімге не керек?<br>Суреттерге қара. Кәсіп иелерін ата. Кім не істейді?<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | түсіндіреді: тіктөртбұрышты қағазды бұрыштары мен қабырғаларын беттестіріп қос бүктеп аламыз; - қағаздың бүктелген жоғарғы тұйық бөлігінен алдыңғы және артқы жағын дөңгелектеп қиып аламыз; - автобустың дөңгелектерін бөлек қара түсті қағаздан қиып аламыз; - терезелері мен есіктерін көк түсті қағаздан қиюдың жолдары көрсетіп түсіндіріледі; – автобустың бөліктеріне сәйкес қалай құрастыру керектігін қайталап сұрайды;<br>**Сергіту сәті**<br>Бип-бип автобус,<br>Бип-бип көшеде.<br>Бип-бип мінеміз,<br>Бип-бип жүреміз.<br>Балалар жұмысын жалғастырады. Педагог жұмыс барысында балаларға бағыт беріп, көмек көрсетеді.<br>Педагог балалардың жасаған автобустарына талдау жасап, қорытындылайды.<br>Балаларды мадақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шыбықтар неге оңай сынды?<br>Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім де ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді?<br>Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Алақанды соғайық,<br>(Алақандарын шапалақтау)<br>Күннің нұрын салайық.<br>(Қолдарымен Күнді салу)<br>Таза ауаны жұтайық,<br>(Мұрнымен тыныс алады)<br>Жиналған жылы шуақты<br>(Екі алақанды алға созу)<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>(Бір-біріне үрлеу)<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды.<br>Балалардың біреуі бастап, екіншісі жалғастыратын әдісті пайдаланады.<br>Балалардың жалғастырып айта білуін бағалайды.<br>**1-тапсырма**<br>Суреттер бойынша әңгімеле.<br>Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін | айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: «А», «Ә», – дыбыстары дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады.<br><br>**4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Барлық мамандық қажет әрі маңызды<br>**Міндеті:** Барлық мамандық қажет әрі маңызды екенін түсіндіру<br>**Мақсаты:** мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**Жұмбақ**<br>Ауырған адамның қасында<br>Емделудің жөнін айтар.<br>Жазылған адамдар расында<br>Риза болып, рақмет айтар.<br>(Дәрігер)<br>Тәп-тәтті тамағы<br>Астың маманы.<br>(Аспаз)<br>Қандай мамандық иелері бейнеленген? | деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады. | | **4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Бізбен бірге және бізден артық орында<br>**Міндеті:** Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету<br>**Мақсаты:** Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту.<br>Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру,жүгіруді жалғастыру.<br>Бір-бірден тізбекке сап түзеп, жай жүрісті орындайды.<br>Тізесін жоғары көтеріп, сосын арт жағына жіліншегін сілкіп жүгіреді.<br>Артпен жүру, сүйем қадам аттап жүруді орындайды.<br>Жүру мен жүгірудің әр түріне сәйкес қол қимылының амплитудасын сақтауға басты назар аудару.<br>**«Кімнің добы алысқа ұшады?»**<br>Допты алдыға-жоғары бағытында, бүгілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | берді?<br>Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің?<br>Әңгіме қалай аяқталады?<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ақылдылар<br>**Міндеті:** Сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұруғажаттықтыру<br>**Мақсаты:** Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағынды<br>«**Кім зейінді?**» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын | Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? Суретші шеберханада сурет салады.<br>Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді.<br>Мұғалім мектепте, балаларға білім береді. Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді?<br>Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады.<br>Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме?<br>Ол – актер.<br>Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен | | | қолдарын жазып барып, шұғыл лақтыруға тырысады.<br>Допқа қайтадан барып алып келу үшін Педагогтің белгісін күтеді. Белгі берілген кезде оңжақ (сол жаққа) айнала жүгіріп барып, допты сол жолымен алып келіп, қатардың артына, қауіпсіз жерге тұра қалады.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс келу:<br>Үш саусағын доптың артында, шынашақ пен басбармағын доптың екі жағына орналастырады.<br>Лақтыру техникасына басты назар аудару: қолдарын айналмалы қозғалысқа келтіріп, алдымен төмен апарып барып, жоғары-алға серпіп лақтырады.Қауіпсіздік ережелерін естен шығармау.<br>**«Секіргіштер».**<br>Екі тізбекке қайта сап құрады.<br>Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарайдәл солай секіреді. Сөйтіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдам орындап, сапты бұзбауғатырысады.<br>Сызық алдына екі тізбекке тұрады.<br>Саусақ гимнастикасы<br>Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-біріменайқастырады.<br>Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды.<br>1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана.<br>(Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді).<br>1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді). | көрсетеді?<br>Балалар оларды қимылмен бейнелейді.<br>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар.<br>Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар?<br>Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек?<br>Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. | | | барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қимылды ойын:** «Аюдың апанында» | **Қимылды ойын:** «Тақия тастамақ» | **Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты» | **Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан» | **Әңгіме:** «Демалыс күндері немен шұғылданасың?» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Жол ережесі, жолда жүру туралы айту. | Жеке бас тазалығы жөнінде айту | Балалардың оқу қызметіндегі белсенділігі жайлы айту | Балалардың тазалықтары жөнінде ескерту | Қоштасу |